

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ
ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН
ӘДЕТ - ҒҰРЫПТАРЫ



бірінші
ТОМ



«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ

КІТАП СЕРИЯЛАРЫ

БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*

Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*

Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*

Әбділдин Ж.М.

Әуезов М.М.

Байпақов К.М.

Зиманов С.З.

Кәлетаев Д.А.

Кекілбаев Ә.

Кенжеғозин М.Б.

Қасқабасов С.А.

Қойгелдиев М.Қ.

Қосыбаев Е.М.

Құл-Мұхаммед М.А.

Мағауин М.М.

Мәмбеев С.А.

Нұрпейісов Ә.К.

Нысанбаев Ә.Н.

Рахмадиев Е.Р.

Сұлтанов Қ.С.

Сүлейменов О.О.

Хұсайын К.Ш.

ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

- ◆ Әлемдік тарихи ой-сана (I–X тт.)
- ◆ Ежелгі дүние авторларының шығармаларындағы Қазақстан тарихы (I–II тт.)
- ◆ XVI–XX ғасырлардағы орыс дереккөздеріндегі Қазақстан тарихы (I–X тт.)
- ◆ XII–XX ғасырлардағы батыс дереккөздеріндегі Қазақстан тарихы (I–X тт.)
- ◆ Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары (I–II тт.)

ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

Серияның Бас редакция алқасы:

ҚОЙГЕЛДИЕВ М.Қ., *төраға*

ӘЖІФАЛИ С. Е., *төрағаның орынбасары*

ӘНЕС Ғ., *жауапты шығарушы*

АЛДАЖҰМАНОВ Қ. С.

ГАРКАВЕЦ А. Н.

ЕРОФЕЕВА И. В.

НҰРМАН Ш. Т.

СУЖИКОВ Б. М.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Ш. Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ

1-том

Біртұтастығы және ерекшелігі

Жауапты редакторы
тарих ғылымдарының докторы,
профессор С. Е. Әжіғали

Алматы
2005

ББК 63.5 (5қаз)
Қ 17

Бұл туынды Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің тапсырмасы бойынша дайындалып, басылып шықты

Томның редакциялық алқасы:

т.ғ.д., профессор С.Е. Әжіғали (жауапты редактор, құрастырушы),
т.ғ.к. Н.К. Байғабатова, т.ғ.к., доцент А.У. Тоқтабай, Е.Ж. Оразбек,
О.Ж. Ошанов, Г.С. Тасмағамбет

Жауапты шығарушы:

Ғ. Молдамұратов

Пікір жазғандар:

т.ғ.д. Ж.О. Артықбаев, ф.ғ.д. Е.Д. Тұрсынов

Қ 17 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том:
біртұтастығы және ерекшелігі/Құраст. С. Әжіғали – Алматы:
«Арыс» баспасы, 2005. – 328 бет + 24 бет суретті жапсырма.

ISBN 9965-17-289-7

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көріп отырған «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: біртұтастығы және ерекшелігі» атты еңбек – этнография саласындағы маңызды басылымдардың бірі, әрі жоспарланып отырған екі томдық мақалалар жинағының бірінші томы.

Бұл ұжымдық монография Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының этнология бөлімінде даярланды. Кітапқа отандық этнолог-мамандардың арнайы зерттеу мақалалары авторлардың өздері жинақтаған түздік экспедициялар материалдары негізінде жазылған. Жинақтың құрылымы әдістемелік талаптарға сай құрастырылды. Кітап «Жалпы көзқарас», «Шаруашылыққа байланысты ғұрыптар», «Аймақтық ерекшеліктер», «Реликттер» деген төрт тараудан тұрады.

Кітап этнографтарға, тарихшыларға, мәдениеттанушыларға, студенттерге және көпшілік оқырман қауымға арналған.

Қ 4602030000
446(05)-05

ББК 63.5 (5қаз)

ISBN 9965-17-289-7

© Құраст. С. Әжіғали, 2005
© Авторлар ұжымы, 2005
© «Арыс» баспасы, 2005

Алғы сөз

Оқырман қауымға ұсынылып отырған «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты екі томдық кітаптың бірінші томы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көріп отыр. Бұл кітап академиялық сипатта қазақ тілінде кешенді, аналитикалық және қазақтың дәстүрлі этникалық мәдениетін кең тұрғыда жан-жақты қарастыратын алғашқы еңбектердің бірегейі деуге болады.

Бүгінгі бүкіл даму-үрдістерінің жалпыға бірдей жаһандануы және модернизациясының заманында кез келген мемлекет, қоғам, халық үшін ұлттық (этностық) Өрлеудің жандануына бағытталған өзінің шынайы ашық мәдени саясатын тиімді түрде іске асыру әрі құрастыру – бірінші кезектегі мәселе. Сонымен қатар ол жаһандану мен модернизацияның ең маңызды (гуманистік) элементтерін өз бойына сіңіре білуі қажет. Өркениеттің гуманитарлық диалогының қарыштап дамып жатқан ғаламдық үрдістерінің арасында Қазақстан өзінің мәдениетін (біртұтас қазақстандық қоғамның бір бөлшегі болып табылатын басқа да этностардың мәдениетін) біліп, қадір тұтып қана қоймай, жаһан мәдениетінің негізін біліп, құрмет тұтатын әрі үзеңгілес диалог жүргізіп, мәдени мұралармен алмаса білетін тең дәрежелі әріптес ретінде де өз орнын алуы қажет.

Біздің бұл еңбегіміздің өзектілігі, ғылыми және мәдени-қолданбалы маңыздылығы ең бірінші кезекте екі фактор бойынша анықталады.

Біріншісі – ешқандай сын көтермейтін этнографиялық тұрғыдағы басылымдар «толқынының» пайда болуы. Кешегі кеңестік жүйенің ұстанымдары мен міндеттері, яғни басқа «теріс пиғылды» әлеммен (оның ішінде исламдық Шығыспен) мәдени байланыстың болмауы, шексіз дінсіздендіру саясаты, орыстандыру, советтендіру, коммунистік идеологияның кеңінен тарауы қазақ халқын (Кеңес Одағының басқа да халықтары сияқты) өзінің мәдени-этникалық тамырынан, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан қол үзуіне әкеліп соқтырып, нәтижесінде көптеген қазақтар өзінің ана тілінен, этникалық менталитетінен, ислам дінінің негіздерінен ажырап қалды. Қазақ мәдениетінің іргесі қатты шайқалып, өзгеріске ұшырады. Кеңестік тоталитарлық жүйе құлағаннан кейін, халықтың өткен тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығының күрт өсуі және сын мен цензураның тоқталып қалған жағдайында осы олқылықтардың орнын толтыру (мәдени және этникалық сана-сезімін) көп жағдайда кәсіби емес, тіпті кейбір тұстарда қазақ этнографиясынан хабарсыз «шала білімділердің» қолына түсіп, олар «сау терінің пұшпағын»

ойына келгенше илеп, оқырман қауымның туған этнографиясы мен фольклорына деген ынта-ықыласын өз мақсаттарында пайдаланды. Бұл басылымдар көбіне еш дәйексіз, жүйесіз жазылғандықтан қалың оқырман арасында түсінбестік, дұдамал жағдай тудырып немесе шатасушылыққа, яғни қате ұғынуға әкеліп соқтырғаны айқын.

Екінші фактор – ол көзге анық түсетін, яғни шенеуніктік құрылымның алыстан болжай алмайтындығы мен түсіне білмеуі және этнографиялық ғылымға деген академиялық ғылыми-зерттеу институттарының (мемлекет және басқа тарих салаларының этнография ғылымына селқостығы) жоғарыдан қарауы түпкі нәтижесінде мемлекетімізге қымбатқа түсіп отыр. Көпұлтты мемлекет ретінде халықтар достығын, ұлтаралық татулықты ту етіп көтерген саясатымызда мақсатқа жетудің бір жолы нақ осы этнография ғылымы арқылы іске аспақ. Өйткені этнография халықтардың өзара туыстығын ғана емес, сонымен бірге мәдени байланыстарының түп-тамырын анықтай да, ажырата да білетін бірден-бір ғылым саласы. Көзі ашық, кеудесі ояу қауымның Ресейде, іргелес елдерде және әлемнің түкпір-түкпірлерінде болып жатқан этникалық, дінаралық қарым-қатынастардың шешілмеген (белгілі дәрежеде зерттелмеген және түсініксіз қалған) сұрақтары көбіне қайғылы да қасіретті түрде іске асып жатқанына көзі жетіп отыр. Сол себептен біз үшін (мемлекеттік құрылым өкілдерінен жекелеген адамдарға дейін) этностың ұлттық мәдениеті – ол тек қана этнографтар мен академиялық ғылымдардың зерттейтін саласы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси өмірдің маңызды факторы әрі мемлекетіміздің өрлеу компоненттерінің бірі екенін түсінетін уақыт жеткен сияқты.

Соңғы кезде біздің қоғамда отандық тарихымыздың тамыры мен даму кезеңдеріне, қазақ халқының және Қазақстанның өзге халықтарының ұлттық мәдениетінің бастауларына, мүмкіндіктеріне деген толыққанды мәліметтерге сұранысы анық байқалады. Бұл сұраныстардың кейбір мәселелеріне Тарих және этнология институтының этнология бөлімінің мамандары – этнографтар дайындаған осы жинақ жауап бере алады деген ойдамыз. Аталмыш жинақтағы мақалалардан байқалатын ерекшелік – ол авторлардың көптеген ғылыми экспедициялар барысында (Қазақстанда және қазақтар мекендейтін іргелес Ресей, Орталық Азия, Моңғолия жерлерінде) жинақтаған түздік материалдарын молынан қамтуы болып табылады.

Екі томдық жинақтың құрастырушысы әрі жауапты редакторы Тарих және этнология институтының этнология бөлімінің меңгерушісі, т.ғ.д., профессор **С.Е. Әжіғали**. Кітапты редакциялық даярлау жұмыстарына Этнология бөлімінің қызметкерлері: т.ғ.к. **Н.Қ. Байғабатова**, т.ғ.к., доцент **А.У. Тоқтабай**, **Е.Ж. Оразбек**, **О.Ж. Ошанов**, **Г.С. Тасмағамбет** атсалысты. Жекелеген мәтіндерді орыс тілінен Е. Ержанов пен О. Ошанов аударды.

Жалпы көзқарас



А. ТОҚТАБАЙ

НАУРЫЗ

*«Көтерген Ай сұлуды Алып өгіз
Көтерген Аспан туы ол – Наурыз»
(Низами)*

Халқымыз өзінің сүйікті мейрамы – жаңа жылы Наурызбен қайта қауышып, ата салтын қайта жаңғыртып, ол туралы біраз зерттеулер жарияланса да [10; 11] ғасырлар бойы елімізбен бірге жасасқан Ұлыстың ұлы күні жөнінде әлі де біраз *тың мәселелерді айтуға болады*. Шын мәнінде бұл қазақтың арғы бабалары көшпенді тайпалар ішінде туып – Ұлыстың ұлы күні деп аталғаны ешқашан талас тудырмайды, кейінірек отырықшы елдердің дәл осындай мейрамы – Наурызбен қосылып Ұлыстың ұлы күні – Наурыз деп аталып жүр,

Наурыздың қазақпен, оған бауырлас Шығыс халықтарының ықылым замандарда отқа, күнге, айға, суға табынған кездерінде пайда болған, яғни табиғаттың қойнынан, күн мен түннің теңелуінен шыққан маусымдық (календарлық – А.Т.) мейрамы екені даусыз. Жаратылыстың құпия сырын ұғып, білімділікпен есептеп, жыл басын Наурыз айынан басталатынын дәл тауып, календарь жасап, мұны халық игілігіне айналдырып, мәңгілік мұра етіп қалдырған халықтың өзі ме, әлде Бұдда, Христос, Конфуций, Мұхаммед сияқты ұлылар ма?

Мұның негізін зороастризм дінін, оның негізі жазылған үндіеуропа тілдерінің түп қазығы болып табылатын қасиетті кітап «Авестаны» ұзақ зерттеген ағылшын шығыстанушысы Мэри Бойстың пікірінше: «Ең үлкен зороастрлық, наурыз мерекесін, қалыптасқан дәстүр бойынша, бұл мерекені Зороастрдың өзі жасаған» [6, 10-б.]. Заратуштра дәстүрлі дін жасаған тарихи қайраткер болған ба? Оған тағы да М.Бойс өзі жауап береді. «Пайғамбар Зороастр көне дәуір қойнауында өмір сүрген, тіпті оның жолын ұстаушылардың өздері бұл жағдайдың қашан, қайда пайда болғанын ұмытқан, бұрын әр түрлі иран елдері Заратуштраның діндарлығы өз отандарында болған етіп көрсетуге тырысады. Көп уақытқа дейін ол Иранның солтүстік-батысында Әзербайжанда өмір сүрген деп көрсетілді. Шын мәнінде ол азиат даласында, Волганың (Еділ – А.Т.) шығыс жағында өмір сүргені қазір анықталды» [6, 13-б.] – деп тұжырымдайды. Шығыс әдебиетінің ірі маманы Е.Э. Бертельс «Заратуштра б.з.д. VI ғасыр аяғында өмір

сүрген» [5, 39-б.] – дейді. Қазақ шежірелерінде Наурыз, Алаш бірге туысқан нақты адам екендігі көрінеді:

*Қазақтан – Наурыз, Алаш екі ұл туған,
Наурыздың деп айтады үлкен жасын.
Ұрпақсыз өлген Наурыз жазғытұры,
Келер жыл көктемде оның беріпті асын.
Қазақтың балалары сонан бері,
«Наурыз» деп қойыпты атап жылдың басын [14].*

Ауызша тарих – шежіреде айтылатын бұл деректер өте маңызды. Себебі Наурыздың Қазақ, Алаш болғалы бағзы замандардан келе жатқан үрдіс екені көрінеді. «Көктемде ас берді дегені» – жыл басы көктем мерекесі ежелден аталып келе жатқанын меңзейді.

Наурыздың қазақ қоғамындағы ролі кез келген астан, тойдан, басқа да шаралардан жоғары болған. Белгісіз автордың жазуы бойынша: «...Қайда атақты бай болса, Наурыздаманы сол байға қалдырады екен. Үйсін Төле билердің заманында Наурыздаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен...» [15].

Абай «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген тарихи мақаласында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың сонау «хибағи», «хұзағи» деп аталған заманға дейін апарып, «Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен» – деп жазады. Ақын Наурыз тойын дінге жалғастырмай, көктем мерекесі екенін ашық жазады да, «ұлыстың ұлы күні» деген сөздің өз заманында алғашқы мәнін өзгертіп, Құрбан айтқа байланысты айтыла бастағанын былай деп ескертеді:

*Жаз жіберіп жан берген қара жерге,
Рақметіне Алланың көңіл сенер,
Мал семірер, ақ пен ас көбейер,
Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер.*

Ақын көктемде жан дүниенің, жан-жануардың түлеп жаңарып, ақ мол болып, ас көбейгенін, адамзаттың көңілі өсіп көтерілгенін Наурызға арнаған өлеңінде паш етеді. Қазір біраз жұрт Наурыз мейрамы басталғалы бері «Наурыз парсы тілінде жаңа күн» деген ұғымды білдірсе, «бұл өзі бізге парсыдан, шығыстан келген мейрам екен ғой» дейді. Шын мәнінде солай ма? Біздің ойымызша XVIII ғ. басында қазақтар жоңғардан шегініп, ата-жұртын тастап, Бұхара, Самарқанға, Жиделібайсынға барып, енді ел-жұрт азат болып тарихи қоныстарына қайта келгенде «Наурыз» сөзін ала келген. Бұған дейін халқымыз бұл мейрамды «Ұлыс», «Ұлыстың ұлы күні» деп, соңынан «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» деп айтатын болған. Шәкәрім бұл процесті айқын ашып көрсетеді: «Наурыз – парсы тілі: Жаңа күн деген сөз. Мұны қазақтар Бұқар, Тәшкендік қожалардан үйренген. Ескі қазақта (ескі түрікте) Жаңа жыл күннің аты – Ұлыс.

Қожа-молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп Құрбан, Ораза айттарын Ұлыс күні дегізіп, Ұлысты Наурыз дегізген.

Жыл басының Ұлыс екенінің дәлелі мынау: Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар, Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар – деген тіпті ескі мақал» [13, 14-б.].

Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы, төл мерекесі екеніне Алаш арыстары да қалам тербеген.

Байтұрсынұлы Ахмет: «Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде һәр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан ауылға, үйден-үйге жүріп, көрі-жас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып, көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, құты наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында һәр түрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың *бірінде*, екіншілері *тоғызында* келеді деседі, һәр жұрттың белгілі күнде жаңа жылы туады. Ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт кәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді» [13, 14-б.].

Міржақып Дулатов «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп» деген мәтелді тілге тиек ете келе былай деп жазады: «Мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол Наурыз.

Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы... Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, наурыз (марттың) ескіше 9-да, жаңаша 22-інде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінің жамылып өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге сияды» [7, 302-б.].

Наурыз ұлан-байтақ қазақ жерінің ауа райына байланысты әр уақытта атап өтілген. А.Байтұрсынұлы наурыз айының біреулер бірінде, екіншілері тоғызында келеді деген деректерді келтірсе, А.Диваев оңтүстік өлкеде ақпанның аяғында қар ерігенде наурызды атап өтетінін көрсетеді [3, 187-б.].

Киіз үйдің есігінен күн түссе мұны «ұт» деген. Бұл ақпанның 19-ы мен наурыздың 20-сы аралығында болады. Осыған байланысты Сыр қазақтарында «Үйге ұт кірді, егіншінің көкейіне құт кірді» – деген мәтел бар. Демек, егінші үйде тағат тауып отыра алмай, жұмысқа кірісетін уақыт жетті дегенді білдіреді. Оңтүстік өңірде «Жыл басы жылқышы торғайдың ұшып келуімен» орайластыра мерекеленеді. Батыс Қазақстанда 14–15-ші наурызда көрісу дәстүрі бар, бұл күні олар туған-туыс, дос-жаранға қонаққа барып, әр түрлі тарту жасайды. Ал Орталық Қазақстан тұрғындары жаңа жылды Үркердің аспанның

батыс бөлігіндегі жас Аймен тоғысуына қарап, кешірек қарсы алып жүр [9].

Екі батыр соғысты,

Үркер мен Айдай тоғысты, –

дейді халық ауыз әдебиетінде, себебі Сәуір (Үркер) жұлдызы Наурыз айына дәл келеді. «Сәуір болмай тәуір болмайды» – деген мәтел көктемгі күн мен түн теңелген тұстағы, Айдың жаңа орағының алдындағы Сәуір (Өгіз) жұлдызының тоғысына байланысты айтылған. Бірақ қазақ Сәуір мен Ай тоғысты демейді, Ай мен Үркер тоғысты дейді. Қазіргі қазақ күнтізбесіндегі апрельді – сәуір деп жазу мүлдем қате. Алдымен сәуір (Өгіз) – жұлдыздың аты және амал. Ертедегі қазақ календарьлары мен фольклорда апрелді «сәуір» деп атаған емес, апрель – көкек.

Қазақ есепшілерінің тәжірибесіне сүйенсек, Үркер күздің басында шығыстан, қыстың басында төбеден, ал көктем басында аспан етегінен көрініп, жазға қарай мүлдем батып кетеді. «Үркердің жерге түсуі» делінетін осы кезеңге 40 күн жазғы шілде сәйкес келеді. Бұл кезеңде Үркердің көкжиектен көрінбеу себебі – Күн жолы наурыз айында дәл соның үстінен өтеді. Қазақстанның кейбір жерлерінде ғана, мәселен, Орталық өңірлерде осы кезде Үркердің қос жұлдызы, бұқаның мүйізі секілді, батқан күн жолының екі жағынан қылтиып көрінеді. Аспан көгіндегі дәл осы көріністі Қазақстан жартастарына шимайлаған петроглифтерден – мүйізімен Күн көтеріп тұрған алып Көк өгіздердің суреттерінен көруге болады. Біздіңше, бұл сахна арқылы ежелгі түркілер аспан белдеуіндегі Күннің жолы мен Жерге келген Жаңа жылдың символын бейнелеген.

Наурызда өгізді құрбандыққа шалу олардың қадым замандардан келе жатқан астрономиялық түсініктерімен байланысты, ал жас балалардың маңдайына қанмен дөңгелек салу дәстүрі – Күнді құрметтеуден туған көне ырым (культ).

Ертедегі Шығыс астрономдары мен жұлдызнамашылары Наурыздың аптаның қай күні кіретіне қарай, бүкіл жылдың сипаттамасын берген. Қожа Әли Термизидың (859–932) «Наурызнамасында» Наурыз сәрсенбі күні кірсе өте қиын жыл (қымбатшылық, опат, ашаршылық, т.б.) сонымен қатар жұма, сенбі күндері кірген жылдар жақсы болмайтынын көрсетеді, ол аптаның басқа күндері жақсылық жылдары деп есептелінеді. 80-нен аса тарих, пәлсафа, дін, діни наным-сенімдер туралы жазған шығыс ғұламасының бұл еңбегі Наурыз тарихын зерттеушілерге таптырмайтын жәдігер [8].

Наурызды мейрамдаудың дәстүрлі атрибуттарымен (көрісу, көп көже, ұйқыашар, самалық айту, дір еткізер, селт еткізер, т.б.) қатар әр аймақта өзіндік сахналық рәсімдер өткізілген. Мысалы: Шыңжаң қазақтарында он екі бала әр жылдың атына бөлініп: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз болып

маскі жасап, жылан болып ысқырып, ит болып ұлып, сиырша мөңіреп, қойша маңырап, жылқыша кісінеп, әр жыл бір-бірімен айтысқан (жалпы қазақта: ата-тек айтыс, тау айтыс, өзен айтыс, жыл айтыс, т.б. айтыс түрлері болған – А.Т.).

Сиыр жылы мен Жылқы жылының айтысы:

*Емшегім – сүт, терім – бұйым, денем – ет,
Сен Жылқы, мен тұрғанда адамға шет.
Әрбір үйдің әрдайым мен қасында,
Сен бір безбе, кісендеулі қашанда, –*

дегенде, жылқы бүркеншігіне жасырынған бала:

*Жау келгенде жұртта қалдың сен сасып,
Жақсы болсаң кетер едің бел асып.
Қымыз барда сүт қазаққа тамақ па!
Сенің құның татымайды жормаққа, –*

деп кісінеген болады. Тегінде осы жыл айтысының әр жылға арнап ақындар мәтінін жазып, оқу-ағарту саласына таратса, Наурыздың мазмұны байи түсер еді. Халқымызда дастарқан батасы, мал батасы, жан батасы, жорық батасы, аң батасы, т.б. қатар Наурыздың өз батасы бар. Әр үйде көже жасалып, ел аттылы-жаяу ілгерінді-кейінді, мәз-мейрам болып үйлерге кіріп, көп көжеге бата қылады.

*«Жаз періште» – «Әз» кепті,
Әзден үркіп қар кетті.
Ақ қар, көк мұз жұтатқан
Наурыз келіп, жаз кірді.
«Жаз періште» – «Әз» кірді,
Күнеске тосып арқасын
Жан біткенге наз кірді, –*

деп басталады, одан әрі елді-жерді пәле-жаладан, апаттан қорғап, аяғында тілектер айтылады:

*Көже істеген келіндер,
Көпке жаққан елшіл бол,
Бозторғайдай төлшіл бол,
Кірсе байқар көзді бол,
Ағайынға тұрар сөзді бол!
Қыстан қысыраладық
Жаздағыдай жадырамадық...
Өткен күн өзімен кетіп,
Келген күн жарылқасын!
Күнікей – наурыз жарылқасын!
Аллауәкбар! [1].*

Қазақ ертегілеріндегі Күнікей қызды зерттеушілер құдай (божество) деп айтып жүр. Демек Күнікей – Күн құдайы. Қазақта сонымен қатар Ұлыстың ұлы күні – Наурызды «Ұзын сары» деп атау бар. Наурыз келгенде – «Ұзын сары келді» дейді екен. Мұның мән-мағынасын, семантикасын анықтау – зерттеушілердің бір міндеті.

Қазақ ауылдарында ертеде тайқазан, нарқазан деп аталатын үлкен қазандар болған. Қазан – сонау скиф-сақ, ғұн заманынан келе жатқан «жеті қазынаның бірі», ғұрыптық тамақ пісіретін ыдыс. Қазақ халқының ортағасырлық астанасы Түркістандағы, Қожа Ахмет Ясауи ғимаратындағы «қазандық» аталатын бөлмеге қойылған тайқазан да – көшпенділердің ежелден береке мен бірлігінің символы. Сондай-ақ көне ертегі-жырларымызда алтын қазан іздеу салты кездесіп отырады:

*Сөз тыңда, құлақ салып, балам, маған,
Астында дарияның алтын қазан.
Әкелсең сол қазанды ерлік қылып,
Беремін Күнсілдуды қосып саған.*
(«Құламерген»).

Ертеректе Наурыз мейрамында ауылдың тайқазанына әр үй өзінің 7 түрлі тағам қосып пісіріп әкелген көжелерін құятын, сонда 30–50 тамақ қоспасынан жасалған «наурыз көже» немесе «көп көже» болып шығады. Бұл аспаздық жұмыстың бәрін елге қадірлі, ауылға белгілі әйел – бәйбіше басқарады. Қазанды иесіне қайтарғанда әбден жуып, түбіне міндетті түрде піскен тамақ (бауырсақ, тоқаш, ет) салып, құлағына ақтық байлап қайтарады, өйтпесе «қазан өкпелейді», «қазан шамданады» деп ырым қылады (АӨЖМ). Қысқарған сөздердің мағынасы кітап соңында берілген (редактор). Қазақ арасында екі адам ренжіскенде «өкпесі қазандай», «өкпесі қара қазандай» деп айтылатын сөз тіркестері осыдан шыққан. «Қара қазан сар баланың қамы үшін», «Қара қазан сар бала, жылап жатыр көп бала» дегеніміз, халық, бұқара халық дегеннің баламасы. Атадан мирас болып келе жатқан қазаннан айырылу – құт-береке байлықтан айырылу, оны біреу тартып алса, масқарашылық саналатын. Абылай хан 1780 ж. шамасында Ботаханды тірідей жерге көміп өлтіріп, қатыгездік жасағанда, Олжабай бастаған батырлар ханның ауылына ат ойнатып, ата-бабасынан келе жатқан қазанын алып кетеді (АӨЖМ).

Түрік армиясының янычарлары сұлтанға қарсы болғанда асханадағы үлкен қазанды төңкеріп тастайтын, қазақта да бір адам екінші адамға ашуланғанда «қазаныңды төңкеріп кетейін» деп ғайбат айтады. Қазан да шаңырақ сияқты бүтіндіктің белгісі, қазан толы, тоқ болса, ел де мықты.

*Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Ұлы кісіден бата алсаң
Содан олжалы жол болар, – деп тілек айтады.*

Наурыз күнінің бір ерекшелігі бұл күн көрісуден басталады.

*– Амансыз ба?
Ұлыс оң болсын,
Қайда барса жол болсын!*

...

– Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!

...

– Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге кірсін! – деп құшақтасып көріседі.

Бозбалалар мен қыздар да Ұлыстың ұлы күні емін-еркін бас қосып, ауылды, елді той-думанға бөлегенін мына өлең жолдарынан көреміз:

*Есік алды қара су бойлағаным,
Жалғанның қызығына тоймағаным.
Көмілсем де кетер ме көкейімнен,
Қалқаммен Ұлыс күні ойнағаным.*

Ауыл қыздары өздері жақсы көрген жігіттерге арнап, соғымның қалған етін уызға салып пісіріп, «ұйқыашар» деп аталатын тамақ дайындайды.

Осы арада бір айта кететін жайт, наурыздың қазақ халқының тамақтану мәдениетіне тікелей қатынасы бар. Наурызда соғымның қалған-құтқаны көжемен, сыбағамен бітеді, халық жаппай «қызылдан – аққа», яғни сүтті тағамдарға (айран, қымыз, құрт, ірімшік, т.б.) көшеді. Сөйтіп көшпендінің қыс бойы ауыр етті тағамдарды жеген асқазаны дем алады. Жаздың шіліңгір ыстығында қазақ асқазанға жеңіл: қойдан – бағлан, байлар жылқыдан – тай, кедейлер ешкіден – лақ жеген, бұл төлдердің еті қара күзге, күздік сойғанға дейін адам ағзасына жеңіл болған, мұны маусымдық тамақтану жүйесі деуге болады.

Жігіттер мен бозбалалар қыздарға арнап «селт еткізер», «дір еткізер» деген сыйлықтарын ұсынады. Бұл сыйлыққа айна, тарақ, иісмай, күміс жүзік жатады. Айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік мен сұлулықтың, иісмай – бүршігін жаңа жарған жауқазындай құлпырудың, күміс жүзік – тазалықтың белгісі.

Халықтың мифологиялық түсінігінде 21-ші наурыз түні даланы, үй-үйді Қызыр аралайды, сондықтан «Қызыр түні» деп аталады. Қызыр үй іші, қора-қопсысы, ауласы және де киген киімі, ішкен тамағы таза адамдарға қонады. Сол себепті жеке адамнан, отбасынан бастап ауылға дейін Наурыздың алдында кір-қоңдарын жуып, таза киімдерін киіп, үй ішін, қора-қопсысын тазалайды. Қызыр бас бармағы былқылдап тұратын, ақ сақалды қария екен, амандасқанда бармағынан білуге болады деп жатады.

Қызыр ата табиғатты аралап жүріп, назары жерге түссе, қыстың тоң-мұзын ерітіп жібереді, ал тасқа түссе тас та балқиды екен. Самарқанның көк тасы еріген күн Наурыздың басталуы екен. Наурызды қарсы алудың бірінші нышаны – үлкендердің балаларға сұрау салуы:

*Самалық, самалық,
Көк құс көзін ашты ма?
Аяғын жерге басты ма?*

*Самалық, самалық,
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме, көрдің бе?
Самалық, самалық,
Қап тауының көк құсы
Жүгірді ме, көрдің бе?*

Қазақтардың астрономиялық түсінігі бойынша, Жаңа жылда Күннің көзі көрінген уақыттан кейінгі екі сағат уақыт «күн сәті» деп саналады. Егер кімде-кім Ұлыс күннің күн сәтінде күн шұғыласын маңдайымен тосып қарсы алса, оған Наурыздың құты дариды деген дәстүрлі ұғымға сай, Жаңа күнді қарсы алу салты қалыптасқан. Күлімдеп көрінген Күнге иіліп сәлем беріп, «күт дарысын» деп, айнала төңірекке ақ бүркіп тарасады.

Жаңа жылдың бірінші күнінде күннің қалай атқаны, оның түр-түсі есепшілердің үнемі назарында болады. Жұлдызшылардың тәжірибесіне сүйенсек, күн бұл таңда төрт түрлі болып атуы мүмкін екен: 1) Күн егер жанған оттай қызарып, қан қызыл болып шықса, ол жылы өлім-жітім, өрт көп болады, соғыс, қантөгістер де болуы мүмкін; 2) Егер күн түсі сары қызыл тартып, ыстық леп бірден бетке ұрып, шақырайып шықса, ол жылы құрғақшылық болады. Таулы аймақтарда жиі-жиі тасқын болып, шалғынды далада жиі-жиі өрт шығады; 3) Күннің түсі күңгірт тартып, қораланып, солғын көрінсе, ол жылы жауын-шашын ерекше көп болады; 4) Күн сәулесі жан-жаққа шашырап, шапағын төге рауандап атса, ол жылы жанға жайлы молшылық болады.

Наурыз күні таңертең ертемен ерлер қолдарына күрек, кетпен, ал қыз-келіншектер құрт, ірімшік, сүт, піскен ет алып далаға шығады. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп қаумаласқан жігіттер айнала төңіректегі бастаулардың көзін ашса, «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын!», «Бір тал кессең, он тал ек!» деген қариялар бұлақ басына тал егеді. Әйелдер атып келе жатқан Күнге тәу етіп, «Армысың, қайырымды Күн-ана!» деп иіліп сәлем береді, «Кеудесі түкті Жер-ана, күт дарыт, жарылқа!» деп ашылған бұлақ көзіне май құйып, жаңа егілген ағаштарға ақ бүркеді.

Ақ түйенің қарны жарылған бұл күні халық ішіндегі жас ерекшелігіне қарай қалыптасқан дәстүрлі ілтипат, ізеттер біршама жұмсарады. Тіптен, келіні қайын атасымен, күйеу баласы қайын енесімен әзілдесуіне болады. Наурыз күні бұндай іс көзге сөлекет көрінбейді. «Ұлыс күні қариялармен көрісем, батасын алсам, болашақ ұрпағыма олардың күш-қуаты дариды» деген сенім бойынша, бұл күні жас келіндер көп жасаған, балалы-шағалы, шежіре қарттармен көбірек көрісуге тырысады.

Жаңа жыл Наурызды мерекелеумен қатар, төрт түлік мал өсірген халқымыз, әсіресе қолы жеткенде, ата-бабаларына, аруақтарға мін-

детті түрде еркек мал сойып құдайы тамақ берген. Мысалы, Шақшақ Жәнібек кенже қызын бір досының баласына берген. Жәнібек өлгенде сол қызы келіп, әкесін жоқтаған мына өкпе-назынан осыны көруге болады:

*Айналайын әке-кем!
Неге бердің кедейге?
Қанша ақылды десең де,
Кедейді кедей демей ме?
Байға берсең әке-кем,
Қазысы қарыс айғырды,
Сүбесі сүйем қошқарды,
Ұлыс күні соймас па ем?
Тамам сорлы тоймас па еді?
Ұлыс сайын басына
Жұп шырақ қоймас па ем... [12, 122-б.].*

Қызыр түні Жаңа жыл табалдырық аттап, үйге енгенде «Жалғыз шала сәуле болмас» деп төрге қос шырақ жағылады.

Ұлыс күнінде сәлемдесудің қалыптасқан дәстүрі бар, ер адамдар қос қолдасып төс соғыстырады, әйелдер болса құшақтасады, ерлер мен әйелдер кездессе құшақ айқастырады. Қос қолдап амандасып, төс соғыстыру өмір тірегім – төсім, тіршілік көзім – екі қолым аман-сау болсын дегенді білдіреді [11, 22-б.].

*Ұлыс күні кәрі-жас
Құшақтасып көріскен,
Жаңа ағытқан қозыдай
Жамырасып өрістен.
Шалдар бата беріскен:
Сақтай көр деп терістен,
Кел, таза Бақ кел десін,
Ием, тілек бер десін,
Көш, Қайрақан көш десін,
Көз көрмеске өш десін...*

Қайрақан – қазақтың исламға дейінгі пантеонында жаманшылық иесі. Бұл туралы М.Әуезов былай дейді: «... Мұнда баяғы заманда, Ұлыстың ұлы күні қалың елдің жаңа тілек тілейтіні көрінеді. Жұп шырақ жағу, кетік аяқ, кетік шөміш сындыру, көріскенде «Таза бақ кел» деп, «Көш, Қайрақан көш» аластау – барлығы да сол заманның тілегі» [2, 39–40-бб.].

Ежелгі түркілердің мифологиялық көне түсінігі бойынша да жақсылық жаршысы – аспан шамшырағы, Күн бейнелі Ұмай ана. Сондықтан да қазақ елі жаңа түскен келінді табалдырықтан оң аяғымен аттата сала, «От-ана! Май-ана! Жарылқа! Жарылқа!» деп отқа май құйғызады. Осы ізгі ниетті ақ тілеудегі «От-ана» – қазақтардың мифологиялық кейіпкері Үт бикеш те, ал «Май-анамыз» – Ұмай ана.

Ата-бабаларымыздың ұғымынша, «Күн», «Ана», «Құт-береке», «Молшылық», «Мейірім» – барлығы да бір ұғымға саятындықтан, қыз бен жігіт тартысында Жаңа жылдың, қасиетті Күннің құрметіне қыз баланың жеңгенін мақұл көрген.

Қазақтардың Жаңа жылда алғаш шапақ атқан күнді қарсы алып, оған иіліп сәлем етуі немесе қымызмұрындық тойында алғашқы қымызды Күнге иіліп, тәжім етіп ішуі секілді көне дәстүрлері олардың ежелден-ақ Күнге табынған сақ жұртының жұрағаты екенін дәлелдей түседі. Осылайша, *жоғарыда сөз болған* Анахита, Ұмай, Ымай кие иелері наным-сенімдегі Күн бейнесінің әр түрлі тілдік варианттағы бір ғана есімі болса керек.

Аузы дуалы қариялар мен ел басқарған көсемдер Наурыз мейрамы үстінде ұрпақтары ұмытпай айта жүретін аталы, ұлағатты бір сөз артына қалдыратын дәстүр болған екен. Бір күн ойланып, ойлы сөз таппаған адамды көп алдында айыптап, тіптен ағынды өзенге лақтыратын да болған. Осындай сынға ұшырап, қанша ойланса да жүйелі сөз айта алмаған бір батыр суға лақтырылар тұста аузынан «Көп қорқытады, терең батырады» деген сөз шығып, жазадан аман қалыпты-мыс деген ел аузында әңгіме бар.

Наурыздың бір мәні – теңдік күні ұлылық пен кішілік жасалатын, бай мен жарлы жарасатұғын күн. Хан қарашаның халін ұғып, қараша ханның төріне шығатын күн.

Наурыз күні адамдар бақай есеп, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ұжданы алдында арылуы керек. «Ұлыс күні алдыңа келсе, атаңның құнын кеш», «Жақсылыққа жақсылық – жай адамның ісі, жамандыққа жақсылық – ер жігіттің ісі», «Тас атқанға – ас ат» секілді нақылдарды өзек етіп, ту көтерген билер, ақсақалдар ат құйрығын кесісіп, араға жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, осылайша ел бірлігін күшейткен.

Отбасын тентіретіп жібергендерді қайта қосып, жалғыз-жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау қылған. «Сүйекке дақ, етке таңба болмасын» деп кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған.

ХХ ғасырдың басында қазақ ағартушы-ойшылдары жаңа ғасырдан жаңа үміт күтіп, отарлық езгіден, көшпенділік тұрмыстан қалжыраған халқының ұлыстың ұлы күніне балаша қуанып, өздерінің жүрек жарды өлеңдерін арнаған.

*Ұлыстың ұлы күнінде
Бай шығады балбырап,
Қасында жас жеткіншек
Тулымшағы салбырап.
Бәйбіше шығар балпып,
Күндіктері қайқып.
Келіншек шығар керіліп,*

*Сәукелесі саудырап,
Қыз шығады қылтиып,
Екі көзі жаудырап.
Бозбала шығар бұрқырап,
Ақбөкендей сырқырап.
(Шәкәрім)*

Немесе:

*Аспанда күннің нұры,
Мақпалдай жердің түрі.
Қуаныш – мал мен жанда,
Қыс шыққан өлмей тірі.
(М. Дулатов)*

Бауырлас түркімен халқының ұлы ақыны Мақтымқұлы Наурызды жырға қосқанда:

*Жеткен кезде наурызымыз жапан біткен жаңғырар,
Тұман орап, тау басын аспан үрпі салбырар.
Жансыздарға жан бітіп, әуен билеп маңды бар,
Жер көгеріп, шөп қаулап, мерейін бір қандырар.
Күнге тосып арқасын жан-жануар албырар,
Аунап-қунап барлығы жерге түгін қалдырар.
Келе сала наурызым жоқ нәрсені бар қылар! – дейді.*

Мейрамдар – ұлттық сананың бір көрінісі, керек десеңіз ұлттық идеямен сарындас, сол себепті де Алаш арыстарының Наурызды барынша насихаттап, елін езгіден алып шығып, ұлтының рухын көтермекші болды. Енді егеменді ел болғанда, Ұлыстың ұлы күнінің халық жадынан ұмтылған сырлары мен қырларын қайта жаңғырту бүгінгі күннің талабы.

Қазақстанда Ұлыс күнін тойлау асыра сілтеушіліктің салдарынан 1926 жылдан кейін тоқтап қалды. Одан кейінгі жылдарда Наурыз мерекесінің бағы ашылды деп айта қою қиын. Ол бірде «діни мейрам», бірде «ескіліктің сарқыншағы» деген жалған жала мен қуғынға ұшырады. Халық жадында еміс-еміс, үзік-үзік болып сақталған Наурыз Қазақстанның кейбір өңірлерінде жасырын тойланып келсе, кейбір аймақтарында ұмытыла бастады. Бір халыққа тиесілі ұлттық мереке ғана емес, жалпы халықтың интернационалдық мейрамы – Наурыздың қайта тіріліп, жаңғырып, халқымен қауышуына бүгінгі демократия мен жариялылық салтанаты ғана мүмкіндік алып берді. Қоғамдық пікірге көңіл қойған үкімет орындарының тікелей басшылығымен 1988 жылғы көктемде Алматы қаласы мен астаналық облыстың кейбір аудандарында 62 жылдан соң өз мәнінде Наурыз тойы тойланды. Осыдан бастап ежелгі Күн мейрамы – Жыл басы тойын жалпы халық болып қарсы ала бастады.

Қазіргі таңда әлі де Наурыз бүкілхалықтық мейрам болмай келе жатыр, жеткілікті дәрежеде мерекеленбейді т.с.с. сөздерді жиі естуге болады. Мысалы: біз Жаңа жылға, 1-ші январға қалай дайындаламыз,

қалай шашыламыз, қалай көңілденеміз, ал өстіп қаншама әбігерленіп өткізетін Жаңа жылымыздың бар болғаны – Христостың туған күнін тойлау. Демек әр адам Наурызды өз отбасынан бастап, дайында-лып атап өтсе Наурыз жылдан-жылға қанымызға да тәнімізге де сіңе берер еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Ахмадиев Ж.* Наурыздың өз батасы бар // Қазақ әдебиеті. 1996. №12.
2. *Әуезов М.* Сыршылдық салт-өлеңдер // Әуезов М. Шығармалар жинағы. Алматы, 1978. 16-том.
3. *Байтанаев Б.А.* Диваев А.А. – очерк жизни и деятельности. Шымкент–Алматы, 2004.
4. *Байтұрсынұлы А.* Наурыз // Қош келдің Наурыз! Алматы, 1993.
5. *Бертельс Е.Э.* История персидско-таджикской литературы. М., 1960.
6. *Бойс М.* Зороастрийцы. Верования и обычаи. СПб., 1994.
7. *Дулатов М.* Қош келдің, Наурыз! // Дулатов М. Шығармалары. Алматы, 1991.
8. *Қожа Әли Термизи.* Наурызнама // Қазақ әдебиеті. 1996. №12.
9. *Мұрсәлім Б.* Наурыз // Парасат. 2002. №3.
10. *Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер* / Құраст. М.Қазыбеков. Алматы, 1991.
11. *Өмірзақов Т.М., Ислямов О.Е.* Наурыз // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. Мақалалар жинағы. Алматы, 2001.
12. «Таң» (журнал). 1925. №4.
13. *Шәкәрім.* Наурыз // Қош келдің, Наурыз! Алматы, 1993.
14. *Шежіре* / Орталық ғылыми кітапхана қоры (ОҒҚ). 1936-папка.
15. *Шежіре* / Орталық ғылыми кітапхана қоры (ОҒҚ). 1172-папка.

Р. МҰСТАФИНА

ҚАЗАҚИ ИСЛАМ

Қазақстанда исламның түрлері мен көріністері сан алуан. Халықтық, немесе басқаша айтқанда, тұрмыстық исламды (ресми исламнан өзгеше) сипаттайтын діни синкретизм (кұбылыстардың о бастағы тұтастығы) канон (ереже), қалыптардан әр түрлі ауытқуға жол береді. Қазақстан жеріне сонау VIII ғасырда енген ислам тек XIX ғасырда ғана еліміздің барлық аймақтарында берік орнықты. Қазақстанда діни өмірдің өзіндік ерекшеліктері исламның республиканың басқа аймақтарымен салыстырғанда Оңтүстік Қазақстан тұрғындарының өміріне неғұрлым терең бойлап енуіне ықпал етті. Соған қарамастан Қазақстанның діни өмірі оның барлық аймақтарында да исламның өзара ықпалы мен әрекеттестігі және қазақтардың тұрмысында күні бүгінге дейін кездесетін мұсылмандыққа дейінгі сенім-нанымдардың көріністері нәтижесінде қалыптасқан сан алуан діни синкретикалық қалыптарымен сипатталады [толық қараңыз: 10].

Қазақтардың діни дәстүрлері жайында сұрыптамалық деректердің жинала бастағанына көп болды. Ол этнографиялық сипаттағы көптеген еңбектерде көрініс тапқанымен, бұлардың көпшілігін мамандар емес, саяхатшылар, Ресей әкімшілігінің атқамінерлері, бақылаушылар жазған еді. Қазір біздің қолымызда бар мол деректерде (әдебиетте) Қазақстандағы исламның ерекшелектері белгілі бір дәрежеде жария етілген. Оларда Қазақстанға исламның енуі мен тарауы тарихының көптеген қырлары, оның қазақ қоғамында алатын орны көрініс тауып, кейбір өзіндік сипаттары, жергілікті ежелгі танымдарымен байланысы, қазіргі жағдайда дінге сенушіліктің көрінуі, діни сенімдердің тарауы мен ықпалы, оның ерекшелектері, исламның ұлттық қатынастарға әсері сипатталған [қара: 1; 2; 3; 7; 11; 12; 13; 14; 16; 17].

Бірқатар авторлардың қазақтардың діни өмірінің әр түрлі салалары бойынша барынша мол деректер ұсыну әрекеттеріне қарамастан, қазақ халқының діни тұрмыс-тіршілігінің барлық жақтары сол қалпында және тиісінше терең деңгейде көрсетілген жоқ. Сонымен қатар халықтық дінді құрайтын сенім-нанымдар мен ырым-жоралардың бүкіл жинағы тұрғысынан қарау және ортодоксальдық ислам мен мұсылмандыққа дейінгі қалдық-жұрнақтарды ажырату қажет. Осы очеркте Қазақстандағы халықтық